

## 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 359 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 сәуірде N 5-5-125 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 186 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.03.26 N 186 қаулысымен (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-III Заңының 19, 20, 21, 23 баптарына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыз № 250 қаулысына сәйкес және 2011 жылы мерзімді әскери қызметке мерзімінде және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында Абай ауданы әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру

ж ү р г і з і л с і н .

2. Шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округтер әкімдеріне:

1) шақырылғандарды комиссияға арнайы жабдықталған автобустарда ауылдық округтер әкімдерінің бірге алып жүруімен жеткізуді ұйымдастырсын;

2) шақырылғандарды тасымалдау кезінде қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін ш а р а қ а б ы л д а с ы н .

5. Аудандық медицина бірлестігі директоры Қ. Битеноваға (келісім бойынша)

:

1) шақырылғандарды медициналық куәландыруды жүргізу үшін қорғаныс істері жөніндегі бөліміне дәрігер-мамандар мен орта медициналық персоналды б ө л у ;

2) қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақырылғандарды тексеру және емдеу үшін жіберілетін емдеу мекемелерінің тізбесін ұсыну, қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жолдамалары бойынша қосымша тексеру үшін емдеу–алдын алу мекемелерінің стационарларында төсектер резервін қамтамасыз ету;

3) аудан ауруханасында қажетті талдауларды зерттеу жүргізуді ұйымдастыру ұ с ы н ы л с ы н .

6. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Т. Тлеубердинге (келісім бойынша)

:

1) шақырылғандарды мерзімді әскери қызметті өткеру үшін жіберу кезеңінде шақыру учаскесінде кезекшілік ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің хабарламасы бойынша іздестіруді және келуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімі 005 «Жалпыға бірдей міндеттілігін орындау шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасының әкімшісі ретінде, бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаржыларынан белгіленген шығыстар бойынша бюджетті мерзімінде а т қ а р у д ы жү р г і з с і н .

8. Аудан әкімдігінің 22 сәуір 2010 жылғы № 208 санды Абай ауданында « Абай ауданында 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу туралы» қаулысының ( Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-5-109 номерімен 2010 жылдың 21 мамырында тіркелген, «Абай елі» газетінде 2010 жылдың 20-31 мамырында 14 (095) номерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е.

А . Л д и б а е в қ а жү к т е л с і н .  
 10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен  
 с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Аудан әкімі* *Е. Сүлеймен*  
 А у д а н ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы  
 № 359 қаулысының 1 қосымшасы

### Шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Нұржауов Бауыржан Кәкімжанұлы	Аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы, төрағасы (келісім бойынша)
Лдибаев Ерлан Арнаулы	Аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Шақыру комиссиясының мүшелері:	
Қуанышбаева Ләззат Ғалымқызы	Аудандық медициналық бірлестігінің жасөспірімдер-дәрігер, медициналық комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
Дулатов Нұрлан Егізханұлы	Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, (келісім бойынша)
Саятбекқызы Индира	Аудандық медициналық бірлестігінің медициналық бикесі , хатшы (келісім бойынша)

*Аудан әкімі аппараты басшысы* *А. Абилов*  
 А у д а н ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы  
 № 3 5 9 қ а у л ы с ы н ы ң  
 2 қосымшасы

### Аудандық шақыру комиссиясының жұмыс кестесі

2011 жылдың сәуір-маусымында								2011 жылдың қазан-желтоқсанында								
№ р/с	Ауылдық округтердің атауы	Шақырылғандар саны	04.04.11.	05.04.11.	06.04.11.	07.04.11.	08.04.11.	Шақырылғандар саны	03.10.11.	04.10.11.	05.10.11.	06.10.11.	07.10.11.	10.10.11.	11.10.11.	12.10.11.
1	Қарауыл	43					43	140						40	50	50
2	Архат	6	6					35	35							
3	Құндызды	17		17				40	15	25						

4	Көкбай	17	17					35				30	5			
5	Медеу	3	3					20				20				
6	Кеңгірбай-би	7		7				30			10		10	10		
7	Қасқабұлақ	19				19		35					35			
8	Тоқтамыс	5			5			25		25						
9	Саржал	14			14			40			40					
10	<b>Жиыны</b>	<b>131</b>	<b>26</b>	<b>24</b>	<b>19</b>	<b>19</b>	<b>43</b>	<b>400</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>	<b>50</b>

*Аудан әкімі аппараты басшысы*

*А. Абилов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК